

MPHTI 06.52.13

JEL Classification: O33

<https://doi.org/10.52821/2224-5561-2021-1-6-14>

## ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҢҒЫРТУЫН БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Д. А. Құнанбаева<sup>1</sup>, Ұ. Т. Қонарбай<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы, Қазақстан Республикасы

---

### АНДАТПА

*Зерттеу мақсаты* – ұлттық экономиканың технологиялық жаңғыруын басқаруды талдау, оның жүзеге асу бағыттарын, Жамбыл облысы экономикасын технологиялық жаңғыртудағы басқару бойынша бүгінгі күнгі өзекті мәселелерін анықтау болып табылады.

*Әдіснамасы* – зерттеу жүргізуде теориялық және эмпирикалық ғылыми зерттеу әдістері, «өндірістік қуаттарды пайдалану динамикасын есептеу әдісі» пайдаланылды.

*Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы* – экономиканы басқару жүйесіндегі соңғы уақытта жүргізіліп жатқан өзгерістер аймақтардың экономикалық жүйедегі орны мен рөліне айтарлықтай ықпалын тигізді. Осыған орай аймақ экономикасын технологиялық жаңғыртуын басқару, олардың дамуын мемлекет тарапынан реттеу мәселелері өзекті бола түсері сөзсіз.

*Зерттеудің нәтижесінде* Жамбыл облысы аймағы экономикасын технологиялық жаңғыртуды басқару бағыттары, критерийлері мен әдістері зерттелді және құрылымдалды. Аймақ кәсіпорындарын технологиялық жаңғыртуда – бизнес пен үкімет арасындағы техникалық серіктестікті ұйымдастыру мәселені шешудің нұсқаларының бірі екені дәлелденді. Қазіргі кезеңде негізгі шаруашылық қызметтің аймақтарда жүзеге асырылатындығын ескерсек, экономикалық технологиялық жаңғырту мәселелерін өздігінен шешуге лайықты қаржылық дербестіктің берілуі маңызды болып табылады. Осыған байланысты Жамбыл облысы аймағын технологиялық жаңғыртуды басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіліктерді ажырату, бюджетаралық қатынастарды реттеу мәселелері Қазақстанның экономикалық өсуіне мүмкіндік беретін негізгі шарттар ретінде қарастырылды. Осындай маңызды мәселелердің шешімін табу аймақтық экономикалық басқаруды дамытумен тікелей байланысты.

*Түйін сөздер:* технологиялық жаңғырту, ұлттық экономика, аймақ экономикасы, индустриалды-инновациялық даму.

### КІРІСПЕ

Ұлттық экономиканы технологиялық жаңғырту – серпінді экономикалық өсімге қол жеткізуге, экономиканың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға бағытталған экономикадағы құрылымдық, техникалық және технологиялық қайта құру болып табылады. Ұлттық экономиканың технологиялық жаңғыруы өндірістік әлеуетте ғылыми-техникалық және технологиялық инновациялар негізінде аймақ экономикасын технологиялық қайта құруды қамтамасыз етеді [1].

Ұлттық экономиканы технологиялық жаңғыртуды басқару көптеген стратегиялық және ағымдағы проблемаларды, атап айтқанда, ескірген өндірістік-техникалық база, экономиканың шикізатқа тәуелділігі, әлсіз инвестициялық және инновациялық тартымдылық, бәсекелік ортаның дамымағандығы, инфрақұрылым, монополизм және т.б. шешуді талап етеді [2].

Технологиялық жаңғырту – өндірістік аппараттарды жаңартуға, ескірген технологиялар мен жабдықтарды тиімділеріне ауыстыруға негізделген экономикалық жүйелердің бәсекеге қабілеттілігін жүзеге асыру нысаны және жаңа, қызметтер, білімдер мен тауарларды өндірудің инновациялық

құралдары мен әдістері негізінде мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жүйесін, экономика құрылымын өзгерту болып табылады [3].

Сарапшылардың пікірінше, ұлттық экономиканы технологиялық жаңғыртуды басқару қалыптасқан жаңа әлеуметтік-экономикалық дамудың ерекшеліктерін ескере отырып, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиясы мен тактикасын іске асыру кезінде ғана шешілуі мүмкін. Өз кезегінде бұл жоғары дамыған өндірістік, кадрлық, инновациялық, инвестициялық әлеуетті құруды, меншіктің жаңа қатынастарын, шаруашылық құрылымын, басқару нысандарын, өсімін молайту тетіктерін құра отырып, экономиканы құрылымдық және институционалдық қайта құруды жүзеге асыруды көздейді [4; 5].

Қазақстан экономикасын технологиялық жаңғыртудың тұрақты дамуы аймақ экономикасын құрылымдық әртараптандыруға, технологиялық жаңғыртуды жүзеге асыруға және әртүрлі инновацияларды белсенді енгізуге ықпал ететін ішкі спецификалық факторларды қолдануға байланысты болып отыр.

Қазақстан Республикасы аймақ экономикасын реформалау өңірлер экономикасының аумақтық-өндірістік құрылымын әлемдік нарық қажеттіліктеріне пассивті бейімдеуге алып келеді. Даму деңгейі жоғары және өнеркәсіптің тиімді құрылымы бар өңірлер тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдайда тұр. Қазіргі уақытта өңірлердің экономикасындағы дағдарыстық құбылыстарды еңсеруге, елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалды тұрақтандыруға және өндірістің жалпы көлеміндегі бәсекеге қабілетті өнім көлемін ұлғайтуға бағдарланған экономика құрылымын жетілдіру шараларын әзірлеу қажеттігі туындады [6].

Бұл тақырыптағы зерттеулердің бірі ретінде Бекбенбетова Б. және Рахметулина Ж. зерттеуін атап өтуге болады. Бұл авторлардың зерттеулеріне сәйкес, аймақтық экономикалық дамудың тұрақтылығы әртүрлі әлеуметтік, инновациялық, инвестициялық, қаржылық, өндірістік, еңбек, экологиялық тәуекелдерді ескере отырып, экономиканы тиімді басқару арқылы жалпы аймақтық әлеуеттің тұрақты өсуіне динамикалық тұрғыда қол жеткізуге болады.

### **ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ**

Қазақстан Республикасы тұтастай және оның өңірлерінің қазіргі кезеңдегі экономикалық дамуының басым бағыттары келесілер болып табылады:

- экономика құрылымын жаңғырту, оның ішкі және сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;
- әлеуметтік-экономикалық кіші жүйелерді өзара байланысты және теңгерімді дамыту;
- макроэкономикалық және өңірлік деңгейлерде экономиканы дамытудың жоғары тиімділігіне қол жеткізу [7].

Қазіргі кезеңде Қазақстан мен оның аймақтарының экономикалық және әлеуметтік дамуының стратегиялық міндеттері экономиканың құрылымдық жаңаруын жүзеге асыру, экономиканың құрылымдық буындарының өзара байланысты және теңгерімді дамуын қамтамасыз ету, әлемдік нарықта жоғары тиімділік пен бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу болып табылады. Аймақ экономикасын технологиялық жаңғыртудың барлық бағыттары өзара тығыз байланысты [8].

Аймақ экономикасын құрылымдық-технологиялық жаңғырту – серпінді экономикалық өсімге қол жеткізуге, өңір экономикасының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға бағытталған экономикадағы құрылымдық, техникалық және технологиялық қайта құру болып табылады. Өңір экономикасының құрылымдық модернизациясы өндірістік әлеуетте ғылыми-техникалық және технологиялық инновациялар негізінде аймақ экономикасын құрылымдық қайта құруды қамтамасыз етеді [9].

Мақалада 80 жылдық тарихы бар Жамбыл облысы аймағының экономикасын технологиялық жаңғырту бойынша қазіргі жағдайына және өңірдің экономикасы мен әлеуметтік саласының даму дәрежесіне, қызметтің жоғары технологиялық түрлерінің жедел дамуына, өңірдің ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуетінің өсуіне талдау жүргізетін боламыз.

Қазақстан Республикасының оңтүстігінде орналасқан Жамбыл облысы 144,2 мың шаршы км алып жатыр. Облыста 10 аудан, облыстық бағыныстағы қала – Тараз және 3 аудандық бағыныстағы қала – Қаратау, Жаңатас, Шу бар.

Жамбыл облысының артықшылықтары: қолайлы географиялық орналасуы, пайдалы қазбалардың бай қорының болуы, еңбекке жарамды жастағы халықтың артық болуы, инвестициялық жобаларды табысты іске асыруға мүмкіндік беретін өндірістік инфрақұрылымның болуы. Бағыты бойынша Жамбыл облысы индустриялық-аграрлық аймақ болып табылады [10].

Жамбыл облысы экономикасының технологиялық жаңғыртуын басқару өндіруші сектордың дамуымен, минералдық-шикізат базасын пайдаланудың жоғары технологиялық жаңғыруымен тікелей байланысты, атап айтқанда, жер қойнауын пайдаланушылар үшін инвестициялау, салық түсімі, кадрлар даярлау және жергілікті жұмыс күшін пайдалану, ауданның әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту мәселелері ерекше маңызға ие болады [11].

Облыс аумағында амортизациялық қуаттың тұрақты төмендеуі байқалады, кейбір кәсіпорындардың техникалық жағдайы осы және басқа факторларға байланысты үнемі нашарлау үстінде, бұл ескірген негізгі құралдарды ауыстыруға алып келеді. Мұндай экономикалық мәселелер Жамбыл облысы экономикасы үшін ең өзекті болып табылатын техникалық жаңарту деңгейіне тәуелді өзгерістерді қажет етеді.

Жамбыл облысының экономикалық дамуының көрсеткіші болып табылатын жан басына шаққандағы ЖӨӨ көрсеткіші бойынша облыс республиканың 16 өңірі арасында 15-орында тұр. ЖӨӨ өсу қарқынының бәсеңдеуінің негізгі себептері құрылыс, көтерме және бөлшек сауда салалары көлемінің төмендеуі болып отыр.

Аймақтағы кәсіпорындар мен ұйымдардың экономикалық қызметі өндірістік объектілердің едәуір көлемін пайдаланумен байланысты. Олардың жалпықазақстандық негізгі қорлар құнындағы үлесі 2,3 % құрайды. Бұл капитал өнімділігінің салыстырмалы түрде төмен деңгейі мен техникалық қуаттылықтың толық пайдаланылмағандығын көрсетеді. Осы тұрғыда «өндірістік қуаттарды пайдалану динамикасын есептеу әдісі» арқылы алынған мәліметтерді қарастыруға болады (Кесте 1).

Кесте 1 – Жамбыл облысында өнеркәсіп өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру үшін өндірістік қуаттарды пайдалану динамикасы, %

Өнеркәсіп өнімдері	2016	2017	2018	2019
Фосфор	57,1	69,6	57,6	63,4
Гипс	92,4	96,7	88,8	66,3
Пластмасса	73,7	53,2	34,5	34,7
Барит концентраты	56,5	53,3	59,0	56,9
Граниттен жасалған бұйымдар	78,2	81,5	77,5	71,1
Полиэтилен құбырлары және тамшылатып суару құбырлары	89,5	82,3	75,1	69,6
Былғары	45,1	42,6	30,8	24,5
Медициналық бұйымдар	96,5	94,2	89,4	90,1
Ет өнімдері	43,1	42,7	45,1	35,7
Сүт өнімдері	88,4	80,6	78,1	70,8
Шұжық өнімдері	77,6	84,1	67,1	62,6
Кондитерлік өнімдер	82,5	77,8	74,2	70,0
Ескерту – [12] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған				

Шынында, өнеркәсіптік өнімнің негізгі түрлерін өндіру үшін өндірістік технологиялық қуаттарды пайдалану динамикасы олардың аймақтық экономиканың көптеген салаларында өте төмен пайдаланылғанын көрсетеді. Бұл жағдайда негізгі себептердің бірі – техникалық жабдықтың құрамы, оның үлкен бөлігі физикалық және моральдық тұрғыдан ескірген. Жабдықтың техникалық сипаттамалары жабдықтың сапалық күйіндегі оң динамиканың жоқтығын көрсетеді (Кесте 2).

Кесте 2 – 2017–2019 жылдар аралығында Жамбыл облысы жекелеген салалары бойынша кәсіпорындардың негізгі қорларының белсенді бөлігінің амортизациялық тозу көрсеткіштері, %

Өнеркәсіп салалары	Машиналар мен жабдықтар						Көлік құралдары					
	Тозу дәрежесі			Толығымен тозғандардың үлес салмағы			Тозу дәрежесі			Толығымен тозғандардың үлес салмағы		
	2017	2018	2019	2017	2018	2019	2017	2018	2019	2017	2018	2019
Облыс бойынша барлығы, оның ішінде:	51,1	48,7	43,5	15,8	18,0	16,7	33,6	32,8	36,4	6,0	6,7	7,0
Ауыл шаруашылығы	37,5	39,5	41,4	8,4	6,8	6,2	43,6	48,2	50,0	11,8	8,6	9,5
Тау-кен өндірісі	39,3	35,8	44,4	9,0	8,1	13,3	41,5	41,9	50,4	13,4	11,8	13,7
Өңдеу салалары	55,3	51,6	50,8	16,0	21,6	21,1	47,2	39,0	42,1	12,0	12,7	12,7
Электр қуатын, газды және суды өндіру және тарату	59,5	64,2	63,0	26,1	29,9	33,4	60,0	67,2	73,0	34,3	45,6	50,7
Басқа коммуналдық, әлеуметтік және жеке қызметтерді ұсыну	52,0	55,4	54,6	18,7	19,9	16,2	41,8	38,2	55,0	18,6	11,9	23,4
Ескертпе – [12] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған												

Мәліметтер көрсеткендей, қызметтің барлық түрлерінде, көлік және коммуникациядан басқа, негізгі құралдардың белсенді бөлігі тозудың жоғары деңгейімен сипатталады (41–73 %). Ең көп тозған механизмдерге электр, газ және суды өндіру (63 % және 73 %) және басқа коммуналдық, әлеуметтік, жеке қызметтерді ұсыну ( 59,5 % және 50 %) бойынша көрсеткіштер алады. Алайда тозудың осы деңгейімен жабдықты жою және жаңарту параметрлері жалпы стандарттардан да төмен (Кесте 3). Мұның бәрі негізгі қорларды пайдалану тиімділігін едәуір төмендетеді, бұл олардың табыстылығының салыстырмалы түрде төмен көрсеткіштерін көрсетеді.

Кесте 3 – Негізгі құралдарды тарату және жаңарту коэффициенттері, %

Өнеркәсіп салалары	Тарату коэффициенті			Жаңарту коэффициенті		
	2017	2018	2019	2017	2018	2019
Облыс бойынша барлығы, оның ішінде:	0,5	0,5	0,2	16,2	19,9	11,0
Ауыл шаруашылығы	2,4	2,4	1,7	11,5	8,0	11,9
Тау-кен өндірісі	0,9	0,4	0,4	35,7	42,0	39,5
Өңдеу салалары	0,5	0,6	0,5	15,0	10,3	8,7
Электр қуатын, газды және суды өндіру және тарату	0,1	0,1	0,1	3,6	7,1	5,4
Құрылыс	0,3	0,3	1,3	3,6	3,9	16,4
Көлік және байланыс	0,2	0,3	0,1	34,4	41,0	8,8
Басқа коммуналдық, әлеуметтік және жеке қызметтерді ұсыну	0,7	0,5	0,7	5,0	6,7	17,6
Ескертпе – [12] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған						

Бұл жағдайда негізгі құралдарға меншік құқығы фактісі және сәйкесінше облыстың негізгі активтерінің сапалық жағдайын шешуге жауапты субъектілер құрамы маңызды. Талдау көрсеткендей, мәселенің көп бөлігі ескірген мемлекеттік сектордың жабдықтарына жатады, оның негізгі қорларының орташа тозу деңгейі 50 % құрайды (жеке секторда 30 % тозу деңгейі бар).

Негізгі прогрессивті пайдалану перспективаларын айқындау үшін мұқият технологиялық аудит қажет. Негізгі қорлардағы техникалық өзгерістердің тек динамикалық көрсеткіштері ғана аймақ пен ел экономикасының модернизациялау мүмкіндіктерінің жанама дәлелі бола алады, ал олардың жеткілікті деңгейі қоғамдағы сапалық өзгерістердің бүкіл экономикалық компонентін жүзеге асырудың шарты болып табылады. Әзірге бұл аймақтық дамудың техникалық модернизациясы өте төмен деңгейде екендігін көрсетеді.

Мәселені шешудің нұсқаларының бірі – бизнес пен үкімет арасындағы техникалық серіктестікті ұйымдастыру. Экономикалық серіктестіктің мұндай қатынасы екі жақтың да мүдделері мен проблемаларын ескере отырып, техникалық модернизацияны шешудің мүмкін жолдарын табуға бағытталған. Бұл мәселені шешудің алғашқы қадамы – менеджменттің техникалық тиімділігінің өсуін оның экономикалық және әлеуметтік қайтарымымен жүзеге асыруға жағдай жасайтын бизнес пен үкімет арасындағы қатынастардың оңтайлы моделін әзірлеу [13; 14].

Жамбыл облысында технологиялық жаңғыртуды басқаруды жүзеге асыру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар қатарына 2019 жылы жалпы құны 105,2 млрд. теңгені құрайтын 16 жоба пайдалануға берілді. Соның ішінде технологиялық жаңғырту жұмыстары жүргізілген 11 жобаны атап өтуге болады, қазіргі таңда кәсіпорындар тынымсыз жұмыс атқаруда (Кесте 4).

Кесте 4 – Жамбыл облысында 2019 жылы пайдалануға берілген 11 жоба

Жоба негері	Жоба сипаты
«Гринвилл» ЖШС	Қордай облысында құны 931 миллион теңгені құрайтын аквипониялық көп деңгейлі ферма құрылысы
«Кордайсая молочная продактс» ЖШС	Қордай облысында құны 133 млн теңгені құрайтын балмұздақ цехын кеңейту
SUPERPHARM ЖШС	Жамбыл облысында құны 3 миллиард теңгені құрайтын медициналық бұйымдарын өндіру
Ф. Е. Рыжибаев	Жамбыл облысында құны 200 млн. теңге тұратын шұжық цехы;
«Витафрут» ӘКК	Қаркынды бақ, Байзақ аймағында құны 750 миллион теңге;
«Kaz-ir Agro» ЖШС	Шу аймағында құны 160 миллион теңгені құрайтын мақсары майын шығаратын зауытты кеңейту
«Әулие Ата Феникс» ЖШС	Байзақ аймағында құны 1,03 миллиард теңгені құрайтын құс фабрикасын кеңейту;
«Ғазиз» ЖК	Мойынқұм облысында құны 3 миллион теңгенің сүт өнімдерін өндіру;
«ҚазТрансГаз Аймақ»	АҚ газ тарату желілерін жаңарту, құны 21,5
«Қордай Корм» ЖШС	малға арналған құрама жем өндірісін кеңейту, құны 67 млн.теңге;
«M-KAT GREEN» ЖШС	Шу ауданында құны 64 миллиард теңге тұратын күн электр станциясының құрылысы
Ескерту – [15] дереккөзі негізінде автормен құрастырылды	

### ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ҚОРЫТЫНДЫ)

Қорытындылай келе, Жамбыл облысы экономикасын құрылымдық-технологиялық жаңғыртудың маңызды бағыты капитал нарығының механизмі арқылы өндіріске жеке және шетелдік инвестицияларды ынталандыру болып табылады. Өз кезегінде бұл жоғары дамыған өндірістік, кадрлық, инновациялық, инвестициялық әлеуетті құруды, меншіктің жаңа қатынастарын, шаруашылық құрылымын, басқару нысандарын құра отырып, экономиканы құрылымдық, институционалдық қайта құруды жүзеге асыруды көздейді.

Экономиканы технологиялық жаңғыртуды жүргізу әрдайым шығынды процесс болып табылады, сондай-ақ, бірінші кезекте кәсіпорынның экономикалық көрсеткіштері нашарлайды және белгілі бір



өндіріс көлеміне жеткеннен кейін ғана олар өздерінің бастапқы деңгейіне жетеді. Жамбыл облысында өндірісті технологиялық жаңғыртудың қазіргі кезеңі бүкіл саланың бәсекеге қабілеттілігінің артуына әкелуі керек. Сонымен бірге, бұл жекелеген кәсіпорындардың мүдделерінен гөрі бүкіл саланың мүдделері, оның өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі жоғары болуы керек.

Барлық кәсіпорындар әлемдік бәсекелестік ортада екенін түсіне отырып, технологиялық жаңғыртудың негізгі қозғаушы күші – өнімнің өзіндік құнын төмендету және өндіріс көлемін ұлғайту. Сонымен қатар, персоналдың инженерлік дамуының ғылыми-техникалық деңгейінің жоғарылауынсыз экономиканы жаңғырту мүмкін емес. Осы факторлардың барлығын ескеріп, кезең-кезеңімен модернизациялау стратегиясын жасау ғана оң нәтижеге әкелуі мүмкін.

Өңірдің экономикасын құрылымдық-технологиялық жаңғырту қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық дамудың ерекшеліктерін ескере отырып, өңірлердің экономикалық дамуының стратегиясы мен тактикасын іске асыру кезінде ғана шешілуі мүмкін.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ермаханова С. А. Теория модернизации: история и современность // Актуальные проблемы социально-экономического развития: взгляд молодых ученых: материалы научно-практической конференции. – Новосибирск: ИЭОПП СО РАН, 2018. – 391 с.
2. Чалдаева Л. А. Модернизация экономики: обоснование и экономическая эффективность // Национальные интересы: приоритеты и безопасность. – 2018. – № 25. – С. 24–28.
3. Бринк, И. Ю. Управление модернизацией производственных систем промышленных предприятий // Вестник ЮРГТУ (НПИ). Серия «Социально-экономические науки». – 2019. – № 4. – С. 4–17.
4. Ларина Е. Сквозь модернизацию. – Москва. – 2016. – С. 98–116.
5. Модернизация России: условия, предпосылки, шансы: сборник статей и материалов / под ред. В.Л. Иноземцева. – Вып. 1. – М.: Центр исследований постиндустриального общества, 2009. – 240 с.
6. Гамидуллаева Л. А. Проблемы и перспективы модернизации экономики России // Фундаментальные исследования. – 2014. – № 11(9). – С. 2010–2015.
7. Промышленность Казахстана и его регионов // Статистический сборник. – Астана. – 2018 г. – 201 с.
8. Вечканов Г. С. Модернизация и неоиндустриализация Казахстана // Вестник ЕНУ серия: экономика. – № 2 (45). – 2018. – С. 11–20.
9. Исянбаев М.Н. Структурно-технологическая модернизация экономики региона: сущность, состояние, проблемы // Стратегия развития региона. – №12(291). - 2013. – С. 2–8.
10. Абдуалы А. Б., Торбеков И. С., Жапсарбеков Г. П., Дуйсембаева А. Т., Джоланов Е. Е. Жамбыл облысының танымал және жаңа туристік маршруттары. – Тараз: Тараз университеті, 2018. – 110 б.
11. Скрипник Г. Подъем экономики Жамбылской области связан с развитием добывающего сектора – взгляд из региона [Электронды ресурс]. // Информационный портал Zakon.kz [web-портал]. – 2019. – URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30193843](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30193843) (қарау уақыты: 13.12.2020).
12. Жамбыл облысының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы [Электронды ресурс] // Экономический портал Жамбылской области. – URL: <http://economica-zhambyl.gov.kz/files/pm280917/0588a2fa3ad579312799a93d9e049d4f.doc> (қарау уақыты: 13.12.2020).
13. Шибеева Т. А. Особенности кластерно-сетевого управления региональной экономикой [Электронды ресурс] // Интернет-журнал «Науковедение». – 2018. – Том 9. – №3. – 7 с. – URL: <https://naukovedenie.ru/PDF/45EVN317.pdf> (қарау уақыты: 13.12.2020).
14. Бекбенбетова Б., Рахметулина Ж. Б. Социально-экономическое развитие Жамбылской области РК [Электронды ресурс] // Интернет-журнал «Науковедение». – Том 9. – №5. – 2017. – URL: <https://naukovedenie.ru/PDF/42EVN517.pdf> (қарау уақыты: 13.12.2020).
15. Реализованные проекты 2017-2019 [Электронды ресурс] // Инвестиционный портал Жамбылской области. – URL: <https://zhambylinvest.kz/> (қарау уақыты: 13.12.2020).

## REFERENCES

1. Yermakhanova, S. A. (2018), "Teoriya modernizatsii: istoriya i sovremennost", Actual problems of socio-economic development: a look at young scientists: Proceedings of Scientific-practical conference, The Institute of Economics and Industrial Engineering, Novosibirsk, 391 p.
2. Chaldayeva, L. A. (2018), "Modernization of the economy: justification and economic efficiency", National interests: priorities and security, No. 25, pp. 24–28.
3. Brink, I. Yu. (2019), "Management of modernization of production systems of industrial enterprises", Bulletin of the South Russian State Technical University (NPI), Series "Socio-economic sciences", No. 4, pp. 4-17.
4. Larina, Ye. (2016), "Through modernization", Moscow, pp. 98-116.
5. Inozemtseva, V. L. (2009), "Modernization of Russia: conditions, prerequisites, chances: a collection of articles and materials", Issue 1, Center for Research of Post-Industrial Society, Moscow, 240 p.
6. Gamidullaeva, L. A. (2014), "Problemy i perspektivy modernizatsii ekonomiki Rossii", Fundamental research, No. 11(9), P. 2010-2015 (In Russian).
7. "Promyshlennost' Kazakhstana i ego regionov" (2018), Statistical Book, Astana, 201 p. (In Russian).
8. Vechkanov, G. S. (2018), "Modernization and neoindustrialization of Kazakhstan", Bulletin of the ENU, Series: economics, No. 2(45), p. 11-20.
9. Isyanbaev M. N. (2013), "Structural and technological modernization of the region's economy: essence, state, problems", Strategy for the development of the region, No. 12 (291), pp. 2-8.
10. Abdualy, A. B., Torbekov, I. S., Zhapsarbekov, G. P., Duisembaeva, T. and Djolanov, E. E. (2018), "Popular and new tourist routes of Zhambyl region", Taraz University, 2018, 110 p.
11. Skripnik, G. (2019), "The rise of the economy of the Zhambyl region is associated with the development of the mining sector - a view from the region", available at: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30193843](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30193843) (accessed: December 13, 2020) (In Russian).
12. "Development program of Zhambyl region for 2016-2019", Economic portal of the Zhambyl region, available at: <http://economicazhambyl.gov.kz/files/pm280917/0588a2fa3ad579312799a93d9e049d4f.doc> (accessed: December 13, 2020) (In Russian).
13. Shibaeva, T. A. (2018), "Osobennosti klasterno-setevogo upravleniya regional'noj ekonomikoj", Science of Science, Vol. 9, No. 3, available at: <https://naukovedenie.ru/PDF/45EVN317.pdf> (accessed: December 13, 2020) (In Russian).
14. Bekbenbetova, B. and Rakhmetulina, Zh. B. (2019), "Social'no-ekonomicheskoe razvitie Zhambyl'skoj oblasti RK", Vol. 9, No. 5, available at: <http://www.zhambyl.gov.kz/> (accessed: December 13, 2020) (In Russian).
15. "Completed projects 2017-2019", Investment portal of the Zhambyl region, available at: <https://zhambylinvest.kz/> (accessed: December 13, 2020) (In Russian).

## ISSUES OF MANAGEMENT OF TECHNOLOGICAL MODERNIZATION OF THE KAZAKHSTAN ECONOMY

D. A. Kunanbaeva<sup>1</sup>, U. T. Konarbay<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

---

## ABSTRACT

*Purpose* – to analyze the management of technological modernization of the national economy, identify areas for its implementation, current issues of management of technological modernization of the regional economy and consider proposals on the issue.

*Methodology* – the study used the "methodology for calculating the dynamics of production capacity", theoretical and empirical research methods.

*Originality / value* – that the expansion of market relations, recent changes in the system of economic management have had a significant impact on the place and role of regions in the economic system. In this regard, the issues of management of technological modernization of the region's economy, state regulation of their development will undoubtedly become relevant.

*Findings* – the directions, criteria and methods of managing the technological modernization of the economy of the Zhambyl region are investigated and structured. In the technological modernization of enterprises in the region, the organization of technical cooperation between business and government has established itself as one of the options. Given that currently the main economic activity is carried out in the regions, it is important to ensure adequate financial independence to meet the challenges of economic and technological modernization. In this regard, the issues of delimitation of powers between the levels of management of technological modernization of the Zhambyl region, regulation of interbudgetary relations were considered as the main conditions for economic growth in Kazakhstan. The solution of such important issues is directly related to the development of regional economic management.

*Keywords:* technological modernization, national economy, regional economy, industrial and innovative development.

## ВОПРОСЫ УПРАВЛЕНИЯ ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЙ МОДЕРНИЗАЦИЕЙ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА

Д. А. Құнанбаева<sup>1</sup>, У. Т. Қонарбай<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Алматы, Республика Казахстан

---

---

### АННОТАЦИЯ

*Цель исследования* – проанализировать управление технологической модернизацией национальной экономики, выявить направления ее реализации, актуальные вопросы управления технологической модернизацией экономики региона.

*Методология* – в исследовании использовались «методика расчета динамики производственных мощностей», теоретические и эмпирические методы исследования.

*Оригинальность / ценность исследования* – ценность исследования заключается в том, что недавние изменения в системе управления экономикой оказали существенное влияние на место и роль регионов в экономической системе. В этой связи, несомненно, станут актуальными вопросы управления технологической модернизацией экономики региона, государственного регулирования их развития.

*Результаты исследования* – исследованы и структурированы направления, критерии и методы управления технологической модернизацией экономики Жамбылской области. В технологической модернизации предприятий региона – организация технического сотрудничества бизнеса и власти зарекомендовала себя как один из вариантов. Учитывая, что в настоящее время основная экономическая деятельность осуществляется в регионах, важно обеспечить адекватную финансовую независимость для решения задач экономической и технологической модернизации. В связи с этим вопросы разграничения полномочий между уровнями управления технологической модернизацией Жамбылской области, регулирования межбюджетных отношений рассматривались как основные условия экономического роста в Казахстане. Решение столь важных вопросов напрямую связано с развитием регионального экономического управления.

*Ключевые слова:* технологическая модернизация, национальная экономика, региональная экономика, индустриально-инновационное развитие.



## АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

**Құнанбаева Дүйсекул Әшімбекқызы** – экономика ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: duysekul@mail.ru

**Қонарбай Ұлмекен Тәукебайқызы** – магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: umkash\_jan@mail.ru\*

MPHTI 06.61.33

JEL Classification: R10

<https://doi.org/10.52821/2224-5561-2021-1-14-27>

## ОСНОВНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН (НА МАТЕРИАЛАХ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ)

**С. Е. Рымбеков<sup>1\*</sup>, М. П. Логинов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Карагандинский университет Казпотребсоюза,  
Караганда, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Уральский Государственный Экономический Университет,  
Екатеринбург, Российская Федерация

---

## АННОТАЦИЯ

*Целью исследования* является выявление показателей территориального развития Республики Казахстан на материалах Карагандинской области для поддержания и развития новых конкурентоспособных отраслей экономической деятельности в регионе, способствующих национальному росту.

*Методология* – методологической основой исследования является система различных приемов, которые составляют комплекс методов, механизмов, принципов, мероприятий по повышению эффективности использования инструментов для создания благоприятных условий для политики территориального развития.

*Методы исследования.* В рамках проведенного исследования применялись:

- теоретические, включающие анализ отечественных и зарубежных ученых в области регионально-го и территориального развития;
- анализ законодательных и нормативных документов;
- методы математического моделирования и прогнозирования, используя корреляционно-регрессионным анализ;
- метод графического представления полученных результатов.

*Оригинальность / ценность исследования* – в основу исследования положена гипотеза о наличии связи между показателем объема инновационной продукции и факторами, произведенными в Карагандинской области:

- объем промышленного производства;
- валовый региональный продукт;
- отгружено промышленной продукции резидентам в стоимостном выражении;
- валовая добавленная стоимость малого предпринимательства;
- валовая добавленная стоимость среднего предпринимательства.

*Результаты исследования* – в результате проведенного анализа, выдвинутая автором гипотеза подтвердилась только для фактора «Валовая добавленная стоимость среднего предпринимательства». Это свидетельствует о наличии тесной связи с данным фактором и характеризует инновационную политику региона.